

**Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы
2002 ж. 3 сәуірдегі № 314-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы
(2012.10.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)**

<u>1-тарау. Жалпы ережелер</u>	<u>(1 - 5 баптар)</u>
<u>2-тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құзыреті</u>	<u>(6 - 9 баптар)</u>
<u>3-тарау. Заңды және жеке тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері</u>	<u>(10 - 12 баптар)</u>
<u>4-тарау. Аварияларды жоюға өзіндік қамтамасыз ету және олардың себептерін тексеру</u>	<u>(13 - 14 баптар)</u>
<u>4-1-тарау. Инциденттердің, авариялардың себептерін тексеру және есепке алу</u>	<u>(14-1-14-7-баптар)</u>
<u>4-2-тарау. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды (оның ішінде шетелдік) сынауға және қолдануға рұқсат беру</u>	<u>(14-8-14-13-баптар)</u>
<u>5-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қадағалау мен бақылау</u>	<u>(15 - 17 баптар)</u>

Түпнұсқада мазмұны жоқ

2006.31.01. № 125-ІІІ ҚР Заңымен мәтіндегі «мен қадағалау» деген сөздер алып тасталды, «бақылау мен қадағалауды» деген сөздер «бақылауды» деген сөзбен ауыстырылды (бұр. ред. қара); 2008.26.05. № 34-ІV ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «қадағалау», «қадағалауды» деген сөздер тиісінше «бақылау», «бақылауды» деген сөздермен ауыстырылды (бұр. ред. қара)

2010.04.05. № 275-ІV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2012.06.01. № 529-ІV ҚР Заңымен (ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара) кіріспе өзгертілді

Осы Заң қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы кұқықтық қатынастарды реттейді және қауіпті өндірістік объектілерде авариялардың, инциденттердің салдарынан туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың персоналға, халыққа, қоршаған ортаға зиянды әсерінің алдын алуға, аварияларды, инциденттерді және олардың салдарын шектеуге және зардаптарын жоюға ұйымдардың өзіндік, олардың жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған орта мен мемлекетке келтірілген залалдарын кепілдікпен өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Еңбек қатынастары мен еңбекті қорғау, экологиялық, өрт қауіпсіздігі саласындағы, атом энергиясын пайдалану, химиялық және ядролық қаруды жою, оқ-дәрілерді пайдалану мен кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік саласындағы кұқықтық реттеу Қазақстан Республикасының арнайы заңдарымен жүзеге асырылады.

1-тарау. Жалпы ережелер

2006.31.01. № 125-ІІІ ҚР Заңымен 1-бап өзгертілді (бұр. ред. қара); 2006.29.12. № 209-ІІІ ҚР Заңымен 1-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авария - ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;

2) инцидент - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бұзылуы, технологиялық процестің режимінен ауытқуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуы;

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 2-1) тармақшамен толықтырылды; 2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен 2-1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2-1) мемлекеттік инспектор - Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адам;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 2-2) тармақшамен толықтырылды

2-2) қауіпті өндірістік фактор - қауіпті өндірістік объектілерде авариялар, инциденттер болған кезде туындайтын, жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған ортаға зиян келтіретін физикалық кұбылыс;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік - жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалуының жай-күйі;

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара);

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды

5) техникалық басшы - ұйымның технологиялық процесіне басшылықты жүзеге асыратын, жоғары білімі бар маман;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 6) тармақшамен толықтырылды

6) техникалық құрылғылар - машиналар, жабдықтар және дербес маңызы бар басқа да конструкциялар (есепке алу аспаптары, ысырмалар, крандар және басқалар).

2-бап. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдары

1. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2006.29.12. № 209-III ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 3-бап жаңа редакцияда; 2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен 3-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

3-бап. Қауіпті өндірістік объектілер және техникалық құрылғылар

Қауіпті өндірістік объектілерге:

1) мынадай:

тұтанғыш - қалыпты қысым және ауамен қосылу жағдайында тұтанғыш болатын және қайнау температурасы қалыпты қысым жағдайында 20 немесе одан төмен Цельсий градусын құрайтын зат;

жарылғыш - сыртқы әсердің белгілі бір түрлері кезінде жылу бөліп, газ құрап, өздігінен жылдам тарайтын химиялық өзгерістерге ұшырай алатын зат;

жанғыш - өздігінен тұтанып, сондай-ақ от алдыру көзінен от алып, оны алып тастағаннан кейін өздігінен жанатын зат;

тотықтандырғыш - жануға көмектесетін, тұтануды тудыратын және (немесе) тотықтандыру-қалпына келтірудің экзотермиялық реакциясы нәтижесінде басқа заттардың тұтануына себеп болатын зат;

уытты - тірі организмдерге әсер ету кезінде олардың өліміне әкеп соқтыруға бейім және мынадай сипаттамасы бар зат:

асқазанға енгізілген кезде өлтіретін орташа дозасы бір килограмм салмаққа қоса алғанда 15-тен 200 миллиграмға дейін келетін;

теріге енгізген кезде өлтіретін орташа дозасы бір килограмм салмаққа қоса алғанда 50-ден 400 миллиграмға дейін келетін;

ауадағы өлтіретін орташа шоғырлануы бір литрге қоса алғанда 0,5-тен 2 миллиграмға дейін келетін;

жоғары уытты - тірі организмдерге әсер ету кезінде олардың өліміне әкеп соқтыруға бейім және мынадай сипаттамасы бар зат:

асқазанға енгізілген кезде өлтіретін орташа дозасы бір килограмм салмаққа 15 миллиграмнан аспайтын;

теріге енгізген кезде өлтіретін дозасы бір килограмм салмаққа 50 миллиграмнан аспайтын;

ауадағы өлтіретін орташа шоғырлануы бір литрге 0,5 миллиграмнан аспайтын;

қоршаған орта үшін қауіп тудыратын, су ортасында мынадай өте уытты көрсеткіштермен сипатталатын зат:

балыққа тоқсан алты сағат бойына ингаляциялық әсер ету жағдайында өлтіретін орташа дозасы литріне 10 миллиграмнан аспайтын;

дафнияға қырық сегіз сағат бойына әсер ету жағдайында нақты әсер тудыратын удың орташа шоғырлануы литріне 10 миллиграмнан аспайтын;

балдырларға жетпіс екі сағат бойына әсер ету жағдайында орташа тежейтін шоғырлануы литріне 10 миллиграмнан аспайтын қауіпті заттардың бірі өндірілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, түзілетін, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын;

құрамында адамның денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпті заттар бар өндіріс қалдықтары;

радиоактивті және ионды сәулелену көздері;

2) 2011.10.01. № 383-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

3) кара, түсті, бағалы металдардың балқымалары және олардың негізінде алынатын қорытпалар жасалатын;

4) тау-кен, геологиялық барлау, бұрғылау, жарылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру және минералды шикізатты қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар, жер асты жағдайындағы жұмыстар жүргізілетін;

5) 2011.10.01. № 383-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

6) 2011.10.01. № 383-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

7) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын электр қондырғыларының барлық түрлері пайдаланылатын;

8) қауіпті өндірістік объектілердің гидротехникалық ғимараттары пайдаланылатын;

9) 2011.10.01. № 383-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

Қауіпті техникалық құрылғыларға:

1) 0,07 мегаПаскальдан аса қысыммен немесе 115 Цельсий градустан аса судың қайнау температурасы кезінде жұмыс істейтін техникалық құрылғылар;

2) жүк көтергіш механизмдер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер, лифтілер жатады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР [Заңымен](#) 3-1-баппен толықтырылды

3-1-бап. Өндірістік объектінің қауіптілігін бағалау

1. Өндірістік объектінің қауіптілігін бағалау:

1) жазатайым оқиғалардың жиілігі;

2) жазатайым оқиғалардың ауырлығы;

3) өлімге әкеп соғатын жарақаттанудың жиілігі;

4) кәсіптік ауру;

5) негізгі қорлардың тозуы;

6) негізгі қорларды ауыстыру;

7) қауіпті өндірістік объектінің авариялылығы коэффициенттері бойынша жүзеге асырылады.

Өндірістік объектілер қауіптілігінің деңгейін, оның ішінде орташа салалық көрсеткіштерін уәкілетті орган айқындайды.

Қауіпті өндірістік объектілердің иелері мен сақтандыру ұйымдары өздері ұсынатын қосымша материалдар негізінде өндірістік объектілер қауіптілігінің есептелген деңгейін өзгертуді талап етуге құқылы.

2. Объект қауіптілігінің жалпы деңгейі осы Заңға [қосымшаға](#) сәйкес жыл сайын айқындалып отырады.

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 4-бап өзгертілді (бұр. [ред. қара](#)); 2006.29.12. № 209-III ҚР Заңымен 4-бап жаңа редакцияда (бұр. [ред. қара](#))

4-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің міндетті талаптарын белгілеу және орындау;

2) қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларына сәйкестігін растау рәсімдерінен өткен технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға жіберу;

3) қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіздігін декларациялау;

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен (бұр. [ред. қара](#)); 2011.06.01. № 378-IV ҚР [Заңымен](#) (бұр. [ред. қара](#)) 4) тармақша өзгертілді

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау, сондай-ақ өндірістік қадағалау;

2010.04.05. № 275-IV ҚР [Заңымен](#) 5) тармақша өзгертілді (бұр. [ред. қара](#))

5) өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жасау;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге ұйымды аттестаттау;

7) өнеркәсіптік қауіпсіздікке мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары өнеркәсіптік қызметкерді, халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, қоршаған табиғи ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау, құрылыс саласындағы нормаларға, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттер талаптарына сәйкес болуға тиіс.

2010.04.05. № 275-IV ҚР [Заңымен](#) 3-тармақпен толықтырылды

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің міндетті талаптары уәкілетті органның нормативтік актілерімен белгіленеді.

Нормативтік актілер нормативтік актіде көрсетілген қызмет аясында орындалуға міндетті өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қамтиды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік актілерді тіркеуді және есепке алууды уәкілетті орган жүзеге асырады.

5-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ақпарат

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымның әкімшілігінен қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы толық және дұрыс ақпарат алуға құқылы.

2-тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құзыреті

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 6-баптың тақырыбы өзгертілді (бұр. [ред. қара](#))

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бағдарламаларды бекітеді;

2004.20.12. № 13-III ҚР Заңымен 3) тармақша өзгерді (бұр. ред. қара); 2006.29.12. № 209-III ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

3) техникалық регламенттерді бекітеді;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды

5) уәкілетті органның ведомстволары жанында екі немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерде арнайы бақылау функцияларын жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелер құрады;

2011.05.07. № 452-IV ҚР Заңымен 6) тармақшамен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

2006.31.01. № 125-III (бұр. ред. қара); 2008.26.05. № 34-IV (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 7-бап өзгертілді

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 1-1) тармақшамен толықтырылды

1-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) орталық және жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

2006.31.01. № 125-III (бұр. ред. қара); 2008.26.05. № 34-IV (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 2) тармақша жаңа редакцияда; 2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады;

2004.20.12. № 13-III (бұр. ред. қара); 2006.31.01. № 125-III (бұр. ред. қара); 2006.29.12. № 209-III (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 3) тармақша жаңа редакцияда; 2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

3) техникалық регламенттерді бекітуді қоспағанда, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы, оның ішінде мамандандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарту арқылы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, аталған нормативтік құқықтық актілерді бекітеді немесе келіседі;

4) қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі авариялардың себептерін тексеруді ұйымдастырады;

5) 2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ведомстволық бағыныстағы ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметіне басшылық жасайды, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша мамандандырылған ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;

7) ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ұйымдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін оқытуды ұйымдастырады;

- 8) 2008.26.05. [№ 34-IV ҚР Заңымен](#) алып тасталда ([бұр.ред.қара](#))
- 9) әскерилендірілген тау-кен құтқару, газдан құтқару және фонтандарға қарсы қызметтер мен құралымдар қызметіне басшылық жасайды;
- 10) қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу ісін жүзеге асырады;
- 11) қауіпті өндірістік объектілерді бірдейлендірудің - объектіні ұйымдардың құрамында қауіпті өндірістік объектілер санатына жатқызудың негізгі талаптарын белгілейді;
- 12) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) 13) тармақша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))
- 13) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, шетелдік ұйымдар мен шетелдіктердің қызметін реттейді;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); [2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 14) тармақша өзгертілді
- 14) қауіпті өндірістік факторлардың өндіріс персоналына, халыққа, қоршаған ортаға сөзсіз зиянды әсер ету қаупі бар қызметті Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен тоқтата тұруға құқығы бар.
[2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен](#) 15) тармақшамен толықтырылды
- 15) мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесе отырып, олардың құзыреті шегінде авариялардың себептерін тексеруді жүргізеді;
[2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен](#) 16) тармақшамен толықтырылды; [2006.29.12. № 659 ҚР Заңымен](#) 16) тармақша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді жүзеге асырады;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) 16-1) тармақшамен толықтырылды
- 16-1) мемлекеттік инспекторға бірыңғай үлгідегі куәлік, нөмірлі мөртабан және пломбир беру тәртібін айқындайды;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) 16-2) тармақшамен толықтырылды
- 16-2) қызметтік куәлік, нөмірлі мөртабан және пломбир үлгісін белгілейді;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) 16-3) тармақшамен толықтырылды
- 16-3) мемлекеттік инспекторлар актілерінің нысандарын бекітеді;
[2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен](#) 17) - 27) тармақшалармен толықтырылды
- 17) техникалық регламенттерді әзірлейді немесе келіседі;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) 17-1) тармақшамен толықтырылды
- 17-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы [талаптарды](#) белгілейтін нормативтік актілерді бекітеді;
[2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен](#) 17-2) тармақшамен толықтырылды
- 17-2) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі [әдістемелік ұсынымдарды](#) келіседі;
[2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен](#) 17-3) тармақшамен толықтырылды
- 17-3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік актілерді тіркейді және олардың есебін жүргізеді;
[2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен](#) 18) тармақша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))
- 18) өндірістік бақылау тиімділігін, ұйымдардың аварияларды және оның салдарын жоюға дайындығын, қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды және олардың салдарын оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды бақылайды;
[2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен](#) 19) тармақша өзгертілді ([алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді](#)) ([бұр.ред.қара](#))
- 19) жұмыстың қауіпті түрлерін жүргізген кезде технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды (оның ішінде шетелдік) қолдануға рұқсаттар береді;
- 20) өнеркәсіптік қауіпсіздік мониторингін жүргізеді;
- 21) 2008.26.05. [№ 34-IV ҚР Заңымен](#) алып тасталда ([бұр.ред.қара](#))

22) қауіпті өндірістік объектілерде ғимараттарға, құрылыстарға, техникалық құрылғыларға, материалдарға қазіргі заманғы техникалық растаудың жүргізілуін бақылайды;

23) ұйымдарды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестаттауды және олардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

24) 2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

25) техникалық құрылғыларды, материалдарды қабылдап алу сынақтарын жүргізуді келіседі;

26) 2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

27) өзінің жекелеген өкілеттіктерін жүзеге асыруды аумақтық бөлімшелерге береді.

2009.17.07. № 188-IV ҚР Заңымен 28) тармақшамен толықтырылды; 2010.19.03. № 258-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен (бұр. ред. қара) 28) тармақша өзгертілді; 2012.10.07. № 36-V ҚР Заңымен 28) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

28) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 29) тармақшамен толықтырылды

29) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі міндетті қауіпті өндірістік объектілер иелерінің орындауын бақылайды;

2008.04.12. № 97-IV ҚР Заңымен 28) тармақшамен толықтырылды (2010 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 28) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

30) халықты және ұйымдарды қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою шаралары туралы хабардар етеді;

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 30-1) тармақшамен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

30-1) өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті декларациялануға жататын өнеркәсіп объектілерінің электрондық тізілімін жүргізеді және декларацияланған объектілер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 31) тармақшамен толықтырылды

31) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. 2004.20.12. № 13-III ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

9-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құзыреті

Жергілікті мемлекеттік басқару органдары өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өздерінің өкілеттігі шегінде:

1) 2004.20.12. № 13-III ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр. ред. қара*)

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр. ред. қара)

2) қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсері болған жағдайларда қолда бар күшті, құралдар мен ресурстарды тарта отырып, салдарын шектеу, адамдардың өмірін құтқару, олардың денсаулығын, құқықтары мен мүдделерін қорғау, меншікті күзету, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі іс-шараларды орындау жағынан қажетті көмек көрсетеді;

2004.20.12. № 13-III ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

3) 2008.04.12. № 97-IV ҚР Заңымен алып тасталды (2010 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді) (бұр. ред. қара)
2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 4) тармақшамен толықтырылды; 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) жерлерді қауіпті өндірістік объектілерге беруді сараптамалық қорытынды негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік инспекторымен келіседі.

3-тарау. Заңды және жеке тұлғалардың өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 10-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

10-бап. Жұмыскерлердің өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

Қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыскерлер:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2) ұйымның әкімшілігін қауіпті өндірістік объектідегі авариялар, инциденттер туралы дереу хабардар етуге;

2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытуға және нұсқама алуға, қайта даярлаудан, аттестаттаудан өтуге;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) авариялар, инциденттер себептерін тексеру кезінде көмек көрсетуге міндетті.

2004.20.12. № 13-III ; 2006.31.01. № 125-III (бұр. ред. қара) ҚР Заңдарымен 11-бап өзгертілді; 2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 11-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

11-бап. Қауіпті өнеркәсіптік объектіге ие жеке және заңды тұлғалардың міндеттері

Қауіпті өнеркәсіптік объектілердің иелері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жол берілген технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуына өндірістік бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарында белгіленген мерзімдерде немесе мемлекеттік инспектордың ұйғарымы бойынша ғимараттың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне сараптама жүргізілуін, тау-кен жұмыстарын дамыту жоспарының келісілуін, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын құрылыстар мен техникалық құрылғыларға, материалдарға диагностика, сынақ, растау жүргізілуін қамтамасыз етуге;

5) әрі қарай пайдаланудың ықтимал мерзімін анықтау үшін пайдаланудың нормативтік мерзімінен өткен техникалық құрылғыларға, материалдарға сараптама жүргізуге;

6) белгіленген талаптарға сай келетін лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерді қауіпті өндірістік объектілердегі жұмысқа жіберуге;

7) қауіпті өндірістік объектілерге бөгде адамдардың кіруін болғызбауға;

8) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне өндірістік бақылауды ұйымдастыру тәртібі туралы және оны жүзеге асыруға уәкілетті жұмыскерлер туралы мәліметтерді ұсынуға;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 9) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

9) авариялардың, инциденттердің туындау себептеріне талдау жүргізуге, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің және олардың зардаптарының алдын алуға және жоюға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 10) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

10) уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін, жергілікті мемлекеттік басқару органдарын, халықты және жұмыскерлерді қауіпті өндірістік факторлардың туындауы туралы дереу хабардар етуге;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 11) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

11) авариялардың, инциденттердің есебін жүргізуге;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 12) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

12) мемлекеттік инспекторлар берген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзуды жою жөніндегі ұйғарымды орындауға;

13) қауіпті өндірістік объектінің қаржы-экономикалық қызметінің жоспарларын әзірлеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған шығындарды көздеуге;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 14) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

14) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсері, жарақат алу және кәсіби аурулар туралы ақпарат ұсынуға;

15) қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупіне байланысты декларациялануға жататын қауіпті өндірістік объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;

16) мемлекеттік органдарға, азаматтарға қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы дұрыс ақпарат ұсынуға;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 16-1) тармақшамен толықтырылды

16-1) мемлекеттік инспектор қауіпті өндірістік объектіде өз міндеттерін атқарған кезде оны қорғану құралдарымен, қауіпсіздік приборларымен қамтамасыз етуге және өзге де жәрдем көрсетуге;

17) 2009.17.07. № 188-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

18) өзінің нормативтік мерзімін өтеген техникалық құрылғылардың, материалдардың уақтылы жаңартылуын қамтамасыз етуге;

19) осы Заңмен айқындалған қауіпті өндірістік объектілерді декларациялауға;

20) жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдық-техникалық іс-шаралардың белгіленген талаптарына сәйкес қауіпті өндірістік объектінің жұмыскерлер штатының жасақталуын қамтамасыз етуге;

21) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыскерлерді даярлауды, қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және аттестаттауды қамтамасыз етуге;

22) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің декларациясына сараптама жүргізуді қамтамасыз етуге;

23) кәсіби авариялық-құтқару қызметтерімен және құрылымдарымен қызмет көрсетуге шарт жасасуға немесе жеке кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін және құрамаларын құруға;

24) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

25) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

26) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (бұр.ред.қара)

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 27) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

27) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне қауіпті заттардың тасымалданатыны туралы үш тәулік бұрын хабарлауға;

28) қауіпті өндірістік объектілерді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде есепке алуды, есептен шығаруды жүзеге асыруға;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 29) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара);

2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен 29) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

29) қауіпті өндірістік объектілерді салу, реконструкциялау, жаңғырту, жою жобаларын, сондай-ақ жергілікті жобаларды Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік инспекторымен келісуге;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 30) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

30) қауіпті өндірістік объектілерді пайдалануға беру кезінде мемлекеттік инспектордың қатысуымен қабылдау сынақтарын жүргізуге міндетті.

2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен 11-1-баппен толықтырылды

11-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті міндетті декларациялау

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Пайдалану кезінде қауіпті өндірістік факторлардың халыққа, қоршаған ортаға зиянды әсер ету мүмкіндігі бар қауіпті өндірістік объектілер міндетті түрде декларациялануға жатады.

Қауіпті өндірістік факторлардың халыққа, қоршаған ортаға зиянды әсер ету мүмкіндігі жоба алдындағы шешімдерге өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу арқылы белгіленеді.

Сараптама қауіпті өндірістік объектілердегі қауіпті өндірістік факторларды, сондай-ақ олар әсер етуі ықтимал аймақтағы адамдардың санын анықтайды.

Уәкілетті орган сараптамалық қорытынды негізінде қауіпті өндірістік объектіні декларациялау туралы шешім шығарады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясы (бұдан әрі - декларация) қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, техникалық жарактандыруға, сақтауға және жоюға арналған жобаның құрамында әзірленеді, қайта қаралады.

3. Декларация мынадай мәліметтерді:

1) қауіпті заттар (оның ішінде өндірілетін) тізбесін және олардың сипаттамаларын;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 2) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

2) қауіпті өндірістік факторларды (әр фактор жеке; басқа факторлармен өзара әрекетте; қоршаған ортамен өзара әрекетте);

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) қауіпті өндірістік факторлардың таралуы туралы технологиялық деректерді;

4) қауіптілік пен тәуекелге талдауды;

5) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі техникалық шешімдерді;

6) авариялық жағдайлардың туындау жағдайына талдауды;

7) қызметкерлерді авария жағдайында іс-әрекетке дайындауды;

8) авариялардың туындауы мен дамуының ықтимал сценарийлерінің схемасын;

9) аварияны жою жоспарын (хабарлау жүйесі; адамдарды қорғау жөніндегі құралдар мен шаралар; аварияларды, төтенше жағдайларды жоюға арналған резервтік ресурстар; зардап шеккендерге көмек көрсету бойынша медициналық қамтамасыз ету) қамтуға тиіс.

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Декларацияны әзірлеуді қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйым не өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге аттестатталған ұйым жүзеге асырады.

5. Декларация ондағы өндірістік қауіпсіздік мәліметтері өзгерген немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары өзгерген кезде өзгерістер пайда болған кезден бастап үш ай ішінде нақтыланады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

6. Декларацияны қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның басшысы бекітеді.

Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымның иесі декларациядағы мәліметтердің уақтылы ұсынылуына, оның толықтығы мен дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

7. Декларация сараптамадан өткізіледі.

Декларацияға өзгерістер енгізілген кезде ол міндетті түрде қайтадан сараптамадан өткізілуге тиіс.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.10.07. № 36-V ҚР Заңымен (бұр.ред. қара) 8-тармақ жаңа редакцияда

8. Өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанындағы декларация сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесімен бірге тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынылады.

9. Қауіпті объектіні декларациясыз пайдалануға тыйым салынады.

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 10-тармақпен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

10. Уәкілетті органның қауіпті өндірістік объектіні декларациялау туралы немесе декларациялаудың қажет еместігі туралы шешімі сараптама қорытындысының түпнұсқасы қоса берілген қауіпті өндірістік объект иесінің еркін нысандағы өтініші бойынша беріледі.

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 11-2-баппен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

11-2-бап. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу және есептен шығару

1. Қауіпті өндірістік объектіні есепке алу, есептен шығару үшін оның иесі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне өтініш береді.

2. Өтініште қауіпті өндірістік объектіні есепке алу немесе есептен шығару үшін оны сәйкестендірудің негіздемелері көрсетіледі.

3. Қауіпті өндірістік объектіні есепке алу, есептен шығару иесін хабардар ете отырып, өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қауіпті өндірістік объектіні есепке алу, есептен шығару уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіндегі қауіпті өндірістік объектілерді есепке алу журналына тиісті жазба жасау арқылы жүргізіледі.

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 11-3-баппен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

11-3-бап. Қауіпті өндірістік объектілерді салу, реконструкциялау, жанарту, жою жобаларын, сондай-ақ жергілікті жобаларын келісу

1. Қауіпті өндірістік объектінің иесі жобаны, сондай-ақ жергілікті жобаны келісу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бас инспекторына:

жобаны келісуге жіберу туралы өтінішті;

жобаның көшірмесін;

жобаның өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының түпнұсқасын ұсынады.

2. Жобаның, сондай-ақ жергілікті жобаның келісілгені туралы оң шешім немесе оны келісуден дәлелді бас тарту құжаттарды толық көлемде берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 12-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

12-бап. Қауіпті өндірістік объектілердің қызметкерлерін өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіби даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Қауіпті өндірістік объектілердің қызметкерлерін өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіби даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру қауіпті өндірістік объектілердің иелеріне жүктеледі.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру бағдарламалары облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік инспекторымен келісілуге тиіс.

2007.27.07. № 320-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Ұйымдарда тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары құрылады.

Ұйымдардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының мүшелері Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Бас мемлекеттік инспекторының немесе оның орынбасарларының төрағалық етуімен уәкілетті органның комиссиясында емтихан тапсырады.

Тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларының құрамына уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспектор енгізіледі.

Ұйымдардың бөлімшелерінде құрылатын емтихан комиссияларының мүшелері емтиханды ұйымдардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссияларында тапсырады.

Мамандар, инженер-техникалық қызметкерлер мен жұмысшы персонал емтихандарды ұйымдардың бөлімшелерінде құрылатын емтихан комиссияларында тапсырады.

Емтихан комиссияларының жұмысына уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторы қатысады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 4-тармақ өзгертілді

4. Жұмысты қауіпсіз орындау ережелерін жұмысшы персоналға оқытудың жыл сайынғы бағдарламасының ұзақтығы қырық сағаттан аз болмауға және ол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік инспекторымен келісілуге тиіс.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 5-тармақ жаңа редакцияда

5. Қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істейтін барлық адамдардың:

1) қауіпті өндірістік объектілерде жұмыс істейтін жұмысшы персоналдың - жыл сайын;

2) техникалық басшылардың, мамандар мен инженер-техникалық қызметкерлердің - қырық сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқыта отырып, үш жылда бір рет;

3) қауіпті өндірістік объектіде жұмысты орындаумен байланысты емес персоналдың - сегіз сағаттық бағдарлама бойынша алдын ала оқыта отырып, ұйымның техникалық басшысы бекіткен тізбе бойынша үш жылда бір рет білімдері тексерілуге жатады.

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Емтихан қабылдау жөніндегі комиссия білімі тексерілуден өткен адамдардан құралуға тиіс. Комиссияның құрамын қауіпті объектінің иесі айқындайды.

2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

7. Қауіпті өндірістік объектілердің қызметкерлерін оқыту және олардан емтихан қабылдау уәкілетті орган аттестаттаған оқу ұйымында жүргізілуі мүмкін.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 8-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

8. Комиссия құрамы кемінде үш адам болуы керек.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 9-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

9. Емтихан билеттері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік инспекторымен келісіледі.

10. Білімді тексеру нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Білімді тексеру хаттамасы үш жыл бойы сақталады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 11-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

11. Емтихан тапсырған адамдарға емтихан комиссиясының төрағасы қол қойған куәлік беріледі.

Оқу ұйымында емтихандар қабылдау кезінде емтихан комиссиясы төрағасының қолы - ұйымның мөрімен, мемлекеттік инспектордың қолы нөмірлі мөртаңбамен куәландырылады.

12. Куәлік онда көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

13. Емтиханды қайтадан тапсыра алмаған адамдар жұмысқа жіберілмейді.

14. Мерзімі өткен куәлігі бар адамдар жұмысқа жіберілгеннен кейін бір ай ішінде емтихан тапсыруға тиіс.

15. Оқытуды ұйымдастыру жөніндегі, соның ішінде емтихан комиссиясы мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі барлық шығыстар қауіпті өндірістік объектінің иесіне жүктеледі.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 16-тармақпен толықтырылды

16. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспектордың емтихан комиссияларының жұмысына қатысуы үшін ұйым уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін емтихан басталғанға дейін күнтізбелік бес күн бұрын емтихан өткізілетін күн мен уақыт туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік инспектор келмей қалған жағдайда комиссия емтихан қабылдауды оның қатысуынсыз жүзеге асырады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) тақырбы өзгертілді

4-тарау. Аварияларды, инциденттерді жоюға әзірлікті қамтамасыз ету

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 13-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

13-бап. Аварияларды, инциденттерді жоюға әзірлікті қамтамасыз ету

Қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдар аварияларды және олардың салдарларын шектеу және олардың зардаптарын жою жөніндегі іс-қимылға әзірлікті қамтамасыз ету мақсатында:

1) қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларды және олардың салдарларын шектеу және олардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға;

2) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялардың алдын алу, аварияларды және олардың салдарларын шектеу және зардаптарын жою жөніндегі профилактикалық жұмыстарға әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарын тартуға;

3) авариялардың, инциденттердің салдарын шектеу және олардың зардаптарын жою үшін материалдық және қаржылық ресурстар резервін ұстауға;

4) қызметкерлерді қауіпті өндірістік объектілерде авария, инцидент бола қалған жағдайдағы қорғану әдістері мен іс-қимылдарын үйретуге;

5) қауіпті өндірістік объектілерде авария, инцидент бола қалған жағдайда байқау, хабарлау, байланыс және іс-қимылды қолдау жүйелерін құру мен олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 13-1-бабымен толықтырылды

13-1-бап. Аварияларды жою жоспары

Қауіпті өндірістік объектіде аварияларды жою жоспары әзірленеді.

Аварияларды жою жоспарында адамдарды құтқару бойынша іс-шаралар, персонал мен авариялық-құтқару қызметтерінің іс-қимылдары көзделеді.

Аварияларды жою жоспарында:

1) жедел бөлім;

2) аварияларды жоюға қатысатын персонал арасында міндеттерді бөлу, олардың іс-қимылдарының дәйектілігі;

3) авария туындаған жағдайда хабарланатын және оны жоюға қатысатын лауазымды адамдар мен мекемелердің тізімдері болады.

Аварияларды жою жоспарын ұйым басшысы бекітеді және авариялық-құтқару қызметтерімен және құрамаларымен келісіледі.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 13-2-бабымен толықтырылды; 2012.10.07. № 36-V ҚР Заңымен 13-2-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

13-2-бап. Жаттығу дабылдары және аварияға қарсы жаттығулар

1. Қауіпті өндірістік объектіде ұйым басшысы бекіткен жоспар бойынша жаттығу дабылдары мен аварияға қарсы жаттығулар жүргізіледі.

Ұйым жаттығу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін жазбаша хабардар етеді.

2. Ұйым басшысы жаттығу дабылын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің және авариялық-құтқару қызметінің өкілдерімен бірлесіп жүргізеді.

3. Жаттығу дабылының қорытындылары актімен ресімделеді. Актіде жазылған ұсыныстардың орындалуын бақылау ұйымның басшысына жүктеледі.

14-бап. 2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен алып тасталды *(бұр. ред. қара)*

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 4-1-тараумен толықтырылды

4-1-тарау. Инциденттердің, авариялардың себептерін тексеру және есепке алу

14-1-бап. Қауіпті өндірістік объекті иесінің іс-әрекеті

1. Қауіпті өндірістік объектінің иесі қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылар жұмыс істемей қалған немесе олар зақымданған, технологиялық процесс режимінен ауытқыған (бұдан әрі - инцидент) кезде:

үш тәулік ішінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін хабардар етеді;

инцидентті тексеруді жүргізеді;

инциденттерді болғызбау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

болған инциденттердің есебін жүргізеді.

2. Авария болған кезде:

болған авария туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, жергілікті атқарушы органға дереу хабарлайды;

хабарлама алған орган инстанция бойынша жоғары тұрған органдарды болған авария туралы хабардар етеді;

аварияның себептерін тексеру жөніндегі комиссияға аталған комиссияның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін қажетті барлық ақпаратты табыс етеді;

комиссия жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асырады.

14-2-бап. Аварияларды тексеру жөніндегі комиссия

1. Қауіптілігі декларациялануға тиіс объектілердегі аварияны уәкілетті орган басшысының бұйрығымен тағайындалатын комиссия тексереді.

2. Қалған аварияларды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі басшысының бұйрығымен тағайындалатын комиссия тексереді.

3. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өкілі аварияларды тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалады.

4. Комиссияның құрамына қауіпті өндірістік объекті иесінің өкілі кіреді.

14-3-бап. Комиссияның құқықтары

1. Комиссия төрағасы аварияны тексеруге қатысты мәселелер бойынша сараптама тағайындауға құқылы.

2. Сараптама комиссиясы аварияны тексеру жөніндегі комиссия төрағасының өкімімен тағайындалады. Сараптамалық қорытындыны қажет ететін мәселелер жазбаша нысанда қойылады. Сараптама комиссиясының барлық мүшелері қол қойған материалдар аварияны тексеру жөніндегі комиссияға комиссия төрағасы белгілеген мерзімде табыс етіледі.

3. Тексеру барысында аварияны тексеру жөніндегі комиссияның болған оқиғаны көрген адамдардан, лауазымды адамдардан және басқа да адамдардан жазбаша және ауызша түсініктеме алуға құқығы бар.

14-4-бап. Тексерудің міндеттері

Комиссия тексеру барысында аварияның алдында болған мән-жайларды анықтайды, оның себептерін, техникалық құрылғыларды пайдалану талаптарын, технологиялық процестерді бұзудың сипатын, өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бұзушылықтарды айқындайды, олардың салдарларын жою және мұндай авариялардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды белгілейді, материалдық залалды анықтайды.

14-5-бап. Тексеру материалдары

Аварияны тексеру материалдарына:

1) аварияның себептерін тексеру үшін комиссия тағайындау (күру) туралы бұйрық;

2) аварияның себептерін тексеру актісі, оған:

авария болған жерді қарау хаттамасы, жоспарлар, сызбалар, фото-суреттер;

авария орнының эскизі;

комиссия төрағасының техникалық сараптама тағайындау туралы өкімі және аварияны тексеру жөніндегі комиссия шығарған басқа да өкімдер;

сараптама комиссиясының аварияның себептері туралы қорытындысы, зертханалық және басқа да зерттеулердің, эксперименттердің, талдаулардың нәтижелері қоса беріледі;

3) авариялық-құтқару қызметі қызметкерлерінің (егер олар аварияны жою үшін шақырылған болса) баянхаттары;

4) аварияға қатысы бар адамдарды, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздіктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға жауапты лауазымды адамдардан жауап алу хаттамалары мен олардың түсініктемелері;

5) қызмет көрсететін персоналды өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту, олардың білімін тексеру, нұсқама алуы туралы анықтамалар;

6) аварияның мән-жайы мен себептерін сипаттайтын басқа да материалдар кіреді.

Тексеру материалдарын техникалық ресімдеу қауіпті өндірістік объектінің иесіне жүктеледі, ол аварияны тексеру аяқталғаннан кейін бес күннен кешіктірмей:

1) декларацияланған объектідегі авария жөніндегі материалды - уәкілетті органға;

2) қалған авариялар жөніндегі материалдарды - уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.

Комиссияның шешімі бойынша аварияның себептерін тексеру материалдары объект орналасқан жердегі сотқа жіберілуі мүмкін.

14-6-бап. Тексеру қорытындылары

1. Объект иесі аварияның себептерін тексерудің нәтижелері бойынша он күн ішінде бұйрық шығарады.

Бұйрықта аварияның мән-жайы мен себептері туралы комиссияның қорытындылары жариялануға, оның салдарын жою жөніндегі шаралар, сондай-ақ мұндай авариялардың алдын алу жөніндегі және кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы шаралар белгіленуге тиіс.

2. Объект иесі аварияны тексеру нәтижелері бойынша ұсынылған іс-шаралардың орындалу мерзімі туралы жазбаша хабарламаны уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне табыс етеді.

3. Егер авария техникалық құрылғылардың конструкциялық кемшіліктерінен болса, қауіпті объект иесі оны әзірлеушіге рекламация, ал уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне оның көшірмесін жібереді.

14-7-бап. Аварияларды тексеру жөніндегі шығыстар

Аварияны тексеруге байланысты барлық шығыстарды қауіпті өндірістік объектінің иесі көтереді.

2006.29.12. [209-III ҚР Заңымен 4-2-тараумен толықтырылды](#); 2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 4-2-тараудың тақырыбы өзгертілді (алғашқы ресми [жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді](#)) ([бұр.ред.қара](#))

4-2-тарау. Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды (оның ішінде шетелдік) сынауға және қолдануға рұқсат беру

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 14-8-бап өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

14-8-бап. 2012.10.07. № 36-V ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр. ред. қара](#))

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 14-9-бап өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

14-9-бап. 2011.15.07. № 461-IV ҚР [Заңымен](#) алып тасталды (*алғашқы ресми [жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді](#)*) ([бұр.ред.қара](#))

14-10-бап. Технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат беру

2010.04.05. № 275-IV ҚР [Заңымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2012.10.07. № 36-V ҚР [Заңымен](#) ([бұр. ред. қара](#)) 1-тармақ жаңа редакцияда

1. Өтініш беруші технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат алу үшін:

1) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың қолданылу мақсаты және қолданылу саласы туралы қысқаша ақпараты бар электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өндірістік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесін береді.

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалары технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға рұқсат алу үшін уәкілетті органға:

1) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың қолданылу мақсаты және қолданылу саласы туралы қысқаша ақпараты бар өтінішті;

2) технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындыны береді.

2. Технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган оларды қолдануға рұқсат береді.

3. Пайдалану процесінде технологиялардың, техникалық құрылғылардың, материалдардың өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда оларға берілген рұқсат кері қайтарып алынады.

4. Технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды қолдануға берілген, кері қайтарып алынған рұқсаттардың есебін уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Рұқсат Қазақстан Республикасының аумағында барлық құқық субъектілері үшін қолданылады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 6-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

6. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат берілген және кері қайтарып алынған технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар туралы ақпаратты уәкілетті орган мерзімдік баспасөзде жариялайды немесе уәкілетті органның сайтында орналастырылады.

2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 7-тармақпен толықтырылды (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді)

7. Техникалық құрылғылар құрамына кіретін ілмектерді, бөлшектерді, аспаптарды, жинақтаушы бұйымдарды, қосалқы бөлшектерді қолдануға рұқсат беру талап етілмейді.

14-11-бап. Жаңа, оның ішінде шетелде өндірілген жарылғыш материалдарды қолдануға рұқсат беру

1. Жаңа, оның ішінде шетелде өндірілген жарылғыш материалдарды қолдануға рұқсатты уәкілетті орган сынақтар кешенін өткізгеннен кейін береді, ол:

1) жарылғыш материалдардың оларды дайындауға және қолдануға арналған техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, оның ішінде қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормаларға сәйкес келуіне бақылау сынақтарын;

2) өндірістік жағдайларда алдын ала және қабылдау сынақтарын;

3) өндірістік сынақтарды бақылау сынақтарының нәтижелеріне байланысты бір немесе екі кезеңде жүргізуді қамтиды.

2. Сынақтар жүргізу жөніндегі комиссияның құрамына кәсіпорынның, сараптама ұйымының және уәкілетті органның өкілдері енгізілуге тиіс.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Өтініш беруші рұқсат алу үшін уәкілетті органға тәжірибелік партияны қабылдап алу сынақтарының актісімен және жарылыс жұмыстары саласындағы аттестатталған ұйымның сараптамалық қорытындысымен қоса өтініш ұсынады.

14-12-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жасау

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздікке сараптама жасауға:

1) қауіпті өндірістік объектілерді салудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың, техникалық қайта жарақтандырудың, консервациялаудың және жоюдың жобалық құжаттамасы жатады.

Жобалық құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда міндетті түрде қайта сараптама жүргізілуге тиіс;

2) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологиялар, техникалық құрылғылар, материалдар;

3) өндірістік қауіпсіздік декларациясы;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 4) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

4) ғимараттардың, құрылыстардың жай-күйі;

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 5) тармақшамен толықтырылды; 2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен 5) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге арналған аттестатты алған кезде ұйымдар;

2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен б) тармақшамен толықтырылды

б) қауіпті өндірістік объектіні декларациялау туралы шешім қабылдау және оларға жер бөлуді келісу үшін қажет жоба алдындағы шешімдер жатады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын уәкілетті орган аттестаттаған, өтініш беруші ұйымға тәуелсіз ұйымдар қауіпті өндірістік объект иесінің қаражаты есебінен жүргізеді.

3. Сараптамалық қорытынды өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу нәтижесі болып табылады.

14-13-бап. Ұйымдарды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізуге аттестаттау

1. Ұйымдар:

1) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

2) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу;

4) 2011.15.07. № 461-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді*) (*бұр.ред.қара*)

5) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

6) 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен алып тасталды (*бұр.ред.қара*)

7) авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу;

2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен 8) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

8) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

2011.10.01. № 383-IV ҚР Заңымен 9) тармақшамен толықтырылды

9) өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу құқығына аттестатталуға тиіс.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды

1-1. Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген жұмыстарды өтініш беруші ұйымға тәуелсіз, аттестатталған ұйымдар жүргізуге тиіс.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2012.10.07. № 36-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 2-тармақ жаңа редакцияда

2. Аттестаттау үшін ұйым уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) өнеркәсіп саласын және жүзеге асырылатын қызметтің түрін көрсете отырып, электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындының электрондық көшірмесін ұсынады.

2012.10.07. № 36-V ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Құжаттарды қарау құжаттарды толық көлемде берген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

4. Уәкілетті орган қарау нәтижесі бойынша аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

5. Аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы дәлелді шешім ұйымға шешім қабылданған күннен бастап бес күн мерзімде беріледі.

6. Аттестатты беруден мына себептер бойынша:

1) осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмағанда;

2) ұйым өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сай келмегенде бас тартылуы мүмкін.

Ұйым аталған себептерді жойған кезде аттестаттау туралы өтініш жалпы негіздерде қаралады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 7-тармақ өзгертілді

7. Аттестаттың қолданылу мерзімі бес жылды құрайды.

Ұйым өзіне берілген аттестатта көзделмеген, осы баптың 1-тармағында аталған қызметті жүзеге асырған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасында көзделген тәртіппен аттестаттың қолданылуын тоқтата тұрады.

Аттестаттың қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаған жағдайда аттестаттан айыру сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Аттестаттың қолданылуы:

- 1) ұйым аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы өтінішті ұсынған;
- 2) оның қолданылу мерзімі біткен;
- 3) заңды тұлға таратылған;
- 4) аттестаттан айрылған жағдайларда тоқтатылады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 8-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8. Уәкілетті орган аттестат алған ұйымдар туралы немесе аттестаттың қолданылуының тоқтатылғаны туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсына орналастырады немесе ол республикалық мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Уәкілетті орган берілген және өзінің қолданысын тоқтатқан аттестаттардың тізілімін жүргізеді.

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); 2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен 5-тараудың тақырыбы өзгертілді (бұр.ред.қара)

5-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 15-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

15-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2009.17.07. № 188-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары;

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары;

облыстар мен қалалардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жатады.

2009.17.07. № 188-IV ҚР Заңымен 1-1-тармақпен толықтырылды; 2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен 1-1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1-1. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Мемлекеттік инспекторға бірыңғай үлгідегі куәлік, нөмірлі мөртабан, омырауға тағатын белгі және пломбир уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 15-1-бабымен толықтырылды

15-1-бап. Мемлекеттік инспектордың құқықтары

Мемлекеттік инспектордың:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйіне тексеру жүргізу мақсатында қауіпті өнеркәсіптік объектілерге белгіленген тәртіпті сақтай отырып кіруге;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын тексеру үшін қажетті құжаттармен танысуға;

2009.17.07. № 188-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда бұзушылықтарды жою туралы акт - нұсқама енгізуге, бұзушылықтарға кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік жауаптылыққа тартуға;

4) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін ақауы бар техникалық құрылғыларды олардың ақауын жойғанға дейінгі кезеңде, өндірісті тоқтата тұруға, тоқтауға байланысты жағдайларды қоспағанда, техникалық ақауы бар құрылғыларды пайдалануға тыйым салуға құқығы бар.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 15-2-бабымен толықтырылды

15-2-бап. Мемлекеттік инспектордың міндеттері

Мемлекеттік инспектор:

2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен 1) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара)

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қадағалауды жүзеге асыруға;

2) ұйымдардың Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасын сақтауының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштерді жинауға, қорытындылауға, жүйелеуге және оларға талдау жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетті.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 15-3- бабымен толықтырылды

15-3-бап. Мемлекеттік инспектордың актілері

2011.06.01. № 378-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарына байланысты жүргізілген мемлекеттік қадағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік инспекторлар мынадай актілер шығарады:

1) тексеру жүргізу нәтижелері жөніндегі акт;

2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

4) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасы бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы.

2. Акт нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

3. Мемлекеттік инспекторлардың актілерін жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 15-4-бабымен толықтырылды; 2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 15-4-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

15-4-бап. Мемлекеттік инспектордың әлеуметтік қамсыздандырылуы

Мемлекеттік инспекторлардың өмірі мен денсаулығының сақтандырылуы Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік инспекторлар отбасы мүшелерінің асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік қамсыздандырылуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 15-5-бабымен толықтырылды

15-5-бап. Мемлекеттік инспектордың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі жасау

Мемлекеттік инспектордың өз қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оған кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 15-6-баппен толықтырылды

15-6-бап. Жоспарлы тексерулерді өндірістік объектінің тәуекел дәрежесіне қарай жүзеге асыру

1. Тәуекелі жоғары дәрежедегі объектілерге өнеркәсіптік қауіпсіздігі міндетті түрде декларациялануға тиіс объектілер жатады.

Бұл объектілерді жоспарлы тексерулер жылына бір рет жүзеге асырылады.

2. Тәуекелі орташа дәрежедегі объектілерге технологиялық процесі тоқытылатын және өндіріс персоналының өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін авария, инцидент туындауы мүмкін объектілер жатады.

Бұл объектілерді жоспарлы тексерулер үш жылда бір рет жүзеге асырылады.

3. Тәуекелі болмашы дәрежедегі объектілерге техникалық құрылғылар бүлінетін және қызмет көрсететін персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін авария, инцидент болуы мүмкін объектілер жатады.

Бұл объектілерді жоспарлы тексерулер бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

4. Тәуекелі ең төменгі деңгейге дейін жеткізілген осы санаттағы объектілер қауіптіліктің келесі санатына ауысады.

Тәуекелі төменгі деңгейдегі осы санаттағы объектілер үшін тексерулер көбейе түсетін үрдісі бар тәуекел факторлары бойынша жүзеге асырылады.

16-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау

2010.04.05. № 275-IV ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Өндірістік бақылау қауіпті өндірістік объектілерде қауіпті өндірістік факторлардың өндірістік персоналға, халыққа, қоршаған ортаға зиянды әсерінің тәуекелін барынша азайту мақсатында жүзеге асырылады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті өндірістік бақылаудың міндеттері қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, жолсыздықтардың мән-жайлары мен себептерін анықтау болып табылады.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды

3. Қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын барлық ұйымдарда өндірістік бақылау туралы ереже әзірленеді.

Ережеде өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары талаптарының іске асырылуын бақылайтын тұлғалардың өкілеттігі қамтылуға тиіс.

Бақылауды жүзеге асыратын тұлғалардың функциялары мен өкілеттігін бекіту ұйым бойынша бұйрықпен ресімделеді.

2008.26.05. № 34-IV ҚР Заңымен 17-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

17-бап. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

2006.29.12. 209-III ҚР Заңымен қосымшамен толықтырылды; 2010.04.05. № 275-IV ҚР
Заңымен қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

«Қауіпті өндірістік объектілердегі
өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы»
2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының
Заңына қосымша»

Объект қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау тәртібі

1. Жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$Ж_k = n / N, \text{ мұндағы:}$$

n - қауіпті объектіде бір жыл ішінде болған жазатайым оқиғалардың саны;

N - қауіпті объектіде қызмет көрсететін персоналдың бір жыл ішіндегі орташа тізімдік саны.

2. Жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$А_k = n_1 / N, \text{ мұндағы:}$$

n₁ - бір жылда жол берілген барлық жазатайым оқиғалар бойынша зардап шеккендердің еңбекке жарамсыздық күндерінің саны.

3. Өлімге әкеп соққан жарақаттанудың жиілік коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$Ө_k = n_2 / N, \text{ мұндағы:}$$

n₂ - өлімге әкеп соққан жағдайлардың бір жыл ішіндегі саны (жазатайым оқиғадан кейінгі бір жыл ішінде зардап шеккендердің өлімін есепке алғанда).

4. Кәсіптік ауру коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$А_k = n_3 / N, \text{ мұндағы:}$$

n₃ - есепті жыл ішінде алғаш рет кәсіптік ауруы анықталған қызметкерлердің саны.

5. Негізгі қорлардың тозу коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$Т_k = n_4 (10 \times n_5), \text{ мұндағы:}$$

n₄ - жыл қорытындысы бойынша белгіленген пайдалану мерзімі өткен техникалық құрылғылар саны.

n₅ - жыл қорытындысы бойынша негізгі құралдар ретінде есепте тұрған техникалық құрылғылардың жалпы саны.

6. Негізгі құралдарды ауыстыру коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$Н_k = 0,1 - n_6 / (10 \times n_4), \text{ мұндағы:}$$

n_6 - белгіленген пайдалану мерзімі өткен және есепті жыл ішінде ауыстырылған техникалық құрылғылар саны.

Егер жыл қорытындысы бойынша белгіленген пайдалану мерзімі өткен техникалық құрылғылардың саны нөлге тең болса, N_k нөлге тең болады.

7. Қауіпті өндірістік объектінің авариялылық коэффициенті мына формула бойынша айқындалады:

$$A_k = n_7/10, \text{ мұндағы:}$$

n_7 - ағымдағы жылда объектіде болған авариялардың саны.

8. Объект қауіптілігінің жалпы деңгейі мына формула бойынша айқындалады:

$$Q_d = J_k + A_k + O_k + A_k + T_k + N_k + A_k.$$